



НАЗАРБАЕВ МОДЕЛІ

4-БЕТ | ТӘУЕЛСІЗДІК



САРЫАРҚАДАҒЫ АШТЫҚ

8-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



БАЛАЛАР ТЕАТРҒА ШАҚЫРАДЫ

16-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
СЕНАТ ТӨРАФАСЫ:

ЕЛОРДАНЫ БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҒЫН ҒАНА ҮЛГІСІ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. СЕБЕБІ ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТАРИХЫ, ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ЖЕҢІСТЕРІ БІЗДІҢ ӨСЕМ ДЕ СҰЛУ АСТАНАМЫЗДЫҢ ТАРИХЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ. ТІПТІ ӘЛЕМНІҢ ҚАЙ ТҮКПІРІНЕ БАРСАҚ ТА, ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЕҒ АЛДЫМЕН ЕЛБАСЫМЫЗБЕН ЖӘНЕ ЕЛОРДАМЫЗБЕН ТАНЫП ЖАТАТЫНЫ БАРШАМЫЗҒА ЖАҚСЫ МӘЛІМ. ОСЫЛАЙША ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ҒАСЫРДА ЖАҢА АСТАНАСЫН САЛУ АРҚЫЛЫ КҮЛЛІ ӘЛЕМНІҢ НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРЫП, ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ МЕКЕНІ РЕТІНДЕ ТАНЫЛДЫ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№67 (4191) Бейсенбі 10 маусым 2021 жыл

ASTANA АҚШАМУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АПАРАТ



ЖАЯУ ЖҮРГІНШІ ЖАЛЫҚПАЙДЫ

«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында «Demalys Promenade көше жобасы іске 12 маусымда қосылады.

Жаз айларының демалыс күндері аумақта шығармашылық ұжымдардың, концерттік ұйымдардың және Нұр-Сұлтан қаласының театрларының қойылымдары болады. Сағат таңғы 10:30-21:30 аралығында қала тұрғындарын ересектер мен балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы күтеді.

Демалыс күні жаяу жүргіншілер көшесі Әзірбайжан Мәмбетов көшесінің Абай көшесінен Кеңесары көшесіне дейінгі бөлігінде серуендей алады. Одан әрі жаяу жүргіншілер көшесінің бойында шатырлары бар сауда-көрме алаңы орналасады. Сондай-ақ суретшілер бұрышы, шахмат ойнауға, ұлттық ойындарға (асық ату және тоғызқұмалақ) арналған орындар болады. Сондай-ақ ерекше инсталляциялар, бар-үстелдер және арт-нысандардан фотоаймақтар орнатылады.

«ҚОЛЖЕТИМДІ ҚАЛА» МАРАФОНЫ ӨТТІ

Бас қалада ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қолжетімді қала» атты марафон өтті.

Шараны ұйымдастырып, өткізген – «ДОС» тәуелсіз өмір» ерекше қажеттілігі бар жандардың қоғамдық бірлестігі. Марафонның негізгі идеясы – арбаға танылған мүгедектердің қалада еркін жүріп-тұруын қорғау. Марафонға 16 адам қатысты. Мотожарыс қозғалысы Қабанбай батыр-Қорғалжын тасжолы-Тұран даңғылы-Орталық саябақ бағытында өтті. Жарыс кезінде барлық санитарлық нормалар сақталып, патрульдік полициялар қауіпсіздікті қадағалады. «Елімізде алғаш рет біз мототіркемелер арқылы жарыс өткіздік. Елорда осындай марафондарға жол ашып, мүгедектердің жайлы және еркін қозғалысын қалыптастырды» деді «ДОС» тәуелсіз өмір» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Ардақ Отарбаев. Ұйымдастырушылар мұндай жарыстардың игі дәстүрге айналатынын хабарлады.

«ASTANA AQSHAMU» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ШЕКТЕУ ЖАСАЙТЫН СҮЗГІ

Нұр-Сұлтандағы кәсіпкерлік, мәдени-спорттық нысандардың Ashyq жобасымен жұмыс істей бастағанына 1 айға жуық уақыт өтті. Осы уақыт ішінде бұл қосымша дертке шалдыққандарды, олармен байланыста болғандардың еркін қозғалысына шектеу жасайтын «сүзгіге» айналды. Ендігі кезекте Ashyq өзін-өзі оқшаулаудың орнына қоғамдық орындарда қам-қарекетсіз жүргендерге әлеуметтік жауапкершілікті сезіндірудің тетігі ретінде қарастырылмақ. Осылайша айналдырған бір айдың ішінде функциясы бірнеше рет жетілдірілген қосымша инфекцияның таралуын алдын алуда тиімділігін дәлелдей бастады. Ал Ashyq-тың «сынынан» сүрінбей өтуі коронавирусқа қарсы екпенің екі компонентін салдырғандар үшін ешқандай қиындық туғызбайды.

3

500 МЫҢ БАЛА ТЕГІН ДЕМАЛАДЫ

Қазақстанда мектеп жасында 1-10-сынып аралығында 3 миллион 400 мыңнан астам бала бар. Биыл сол балалардың 76 пайызы жазғы лагерьлерге барады. Ал жарты миллионға жуық бала тегін демалады.

Білім және ғылым министрлігі Балалар құқықтарын қорғау комитетінің басқарма басшысы Гүлназ Ташқарованың айтуынша, былтыр көп лагерь жұмыс істемеді. Жергілікті органдардың мәліметіне сәйкес, биыл 12 мыңға жуық лагерь ашу жоспарланып отыр. Нұр-Сұлтан қаласы секілді «қызыл аймаққа» кірген бірнеше өңірлерде лагерьлердің жұмыс істеуіне тыйым салынған. Бірі жұмысын маусымның 7-8 күндері

бастаса, енді бірі маусымның 15-16-сы жұмысына кіріспек. Алайда пандемияға байланысты жазғы лагерьлерге кіру үшін ПТР-тест тапсыру міндеттеліп отыр. Әсіресе, қала сыртындағы лагерьлерге сондай талап қойылған. Тест ақысын баланың ата-анасы төлейді. Ал Білім заңында бекітілген 9 санат бойынша кіретін балаларға жергілікті атқарушы органдар төлеуі тиіс. Ал тегін жазғы лагерьге бару үшін egov арқылы өтінім беру керек.



ҚАЛАДАҒЫ КҮРМЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бүгін – елорданың халықаралық тұсаукесері өткен күн. Осыдан 23 жыл бұрын Қазақ елі бүкіл әлемге өзінің жаңа астанасын таныстырды. Осы жылдар ішінде елорда кешегі елеусіз шаһардан шын мәнінде елдің астанасына айналды. Қазір қала тұрғындарына жайлы жағдай жасау үшін біраз жұмыс атқарылып жатыр. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов шаһардың бүгінгі тынысы, болашақ жоспарлары туралы «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында егжей-тегжейлі айтып берді.

5-БЕТ | ЕЛОРДА

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 08.06.2021 №510-1988

«Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 510-138 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодекстің 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. «Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 510-138 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:
жарыяда көрсетілген қаулыда:
1-тармақта: «14,0595» деген сандар «5,3078» деген сандармен ауыстырылсын;
«Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыарқа, Бөген-бай батыр, Республика даңғылдарымен Есіл өзенінің жағалауы төрттігінде» деген сөздер «Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ж. Омаров және Бейбітшілік көшелері қиылысының ауданы» деген сөздерге ауыстырылсын.

бай батыр, Республика даңғылдарымен Есіл өзенінің жағалауы төрттігінде» деген сөздер «Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ж. Омаров және Бейбітшілік көшелері қиылысының ауданы» деген сөздерге ауыстырылсын.
3-тармақта: «11,7939» деген сандар «4,5478» деген сандармен ауыстырылсын.
қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұрқеновке жүктелсін.

Әкімнің орынбасары Н. Нұрқенов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «08» 06 №510-1988 қаулысына қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Table with 7 columns: P/c №, Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, Меншік иесі және жер пайдаланушы, Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га), Жер учаскесінің орналасқан жері, Жер учаскесінің нысаналы мақсаты, Құқығы

Table with 7 columns: P/c №, Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, Меншік иесі және жер пайдаланушы, Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га), Жер учаскесінің орналасқан жері, Жер учаскесінің нысаналы мақсаты, Құқығы

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 08.06.2021 №510-1989

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және «Көшелер» объектісінің жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Ұды Дала, Тұран және Қабанбай батыр шекаралары мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 1,4369 га жер учаскелері 2021 жылғы 20 қыркүйектен бастап 2022 жылғы 20 қыркүйекке дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.
2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.
3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.
4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.
5. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұрқеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Нұрқенов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «08» 06 №510-1989 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер гаражлерінің тізбесі

Table with 7 columns: P/c №, Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, Меншік иесі және жер пайдаланушы, Жер учаскесінің ауданы (ш.м.), Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.), Жер учаскесінің орналасқан жері, Жер учаскесінің нысаналы мақсаты, Құқығы

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 08.06.2021 №510-1990

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және «Көше» объектісінің жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Шарль де Голь және А. Токпанов көшелерінің қиылысы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,7952 га жер учаскелері 2021 жылғы 20 қыркүйектен бастап 2022 жылғы 20 қыркүйекке дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.
2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

№67 (4191) 10/06/2021 Бейсенбі

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында карантин режимі енгізілетін карантиндік аймақтар

Table with columns: P/c №, Карантиндік аймақтардың орналасқан жері. Rows list specific locations like Temirjoldar and various streets.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ – 5 МИЛЛИОН ТЕНҒЕ

Елордада «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру байқауына құжаттар қабылдау 28 маусым мен 11 шілде аралығында өтеді. Бұл туралы қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы хабарлады.

старды кәсіпкердің бірлесе қаржыландыруы (ақшалай қаражатпен); жаңа жұмыс орындарын құру; кәсіпкердің бизнес-жобасында инвестициялық жоспардың болуы; Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үміткерлерге жаңа бизнес идеяны және бірлесе қаржыландыруды растау міндетті емес.

ЕКІПЕ АЛСАҢ, АҚШАЛАЙ СЕРТИФИКАТ БЕРЛЕДІ

Нұр-Сұлтандағы сауда үйлерінде екпе салдырған тұрғындар сыйлық пен жеңілдіктерге ие болады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Ерлан Бекмұрзаев хабарлады.

ландыру үшін кейбір сауда орталықтарында жеңілдік сертификаттар мен сыйлықтар ойнатылады. «Вакцина алған азаматтар сыйлық алады немесе ұтыс ойынына қатыса алады. Мысалы, екпеден кейін «Сарыарқа» сауда орталығында Actual Optic-тен 5 мың теңгеге жеңілдік купонын алуға болады.

ЕЛІНІҢ ЕРІ, ЖҰРТЫНЫҢ АЗАМАТЫ



...Тегінде тегін бе екен Ақан сері, Бұл да бір емес пе екен елдің ері? Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді? – деп Ілияс ақын жырлағандай, ҚР Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі Педагогикалық білім беру Халықаралық Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбаевтың 80 жасқа толу мерейтойына арналған 3 маусымдағы Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында «Тарихқа тағзым» атты 5 томдық жинағының тұсаукесерінде және 4 маусымда Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде ұйымдастырылған қазақтың зиялыларының кездесуіндегі саяси және қоғам қайраткері Өмірзақ Озғанбаевқа берген бағасы мен құрметінің куәгері болып ұлылығына тәнті болдық.

шыңына шығып отырған, елін, жерін сүйетін, ыстығына күйіп, суығына тоңатын, қиын кезде алдыңғы шептен көрінер мемлекетіміздің қоғам қайраткері, ғұмырын Қазақстан болашағына арнаған зиялы азамат, ірі саясаткер, білікті басшы ретінде таниды. Өмірзақ Озғанбайұлы ғұмырының елеулі белесіне ел мүддесін адал қызмет еткен мемлекет және қоғам қайраткері ретінде үлкен абыроймен көтерілді. Ұстаз ретінде елжанды азаматтарды тәрбиелеп өсірген, бақтықа бөленген басшы. «Алты алаштың баласы жиылыса, ең мәртебелі орын ұстаздікі» деген екен, халқымыздың біртуар ұлы Мағжан Жұмабаев. Ендеше қазақ халқының тілегіне берілген «Елінің ері, жұртының азаматы» деген атаққа лайықты әріптестері мақтан тұтады. Өзағаның тынымсыз еңбек жолы, өнегелі ғұмыры, мол тәжірибесі өзін қадір тұтатын жұртқа тұтастай үлгі екені даусыз. Бұл орайда, әсіресе ардагерлер алдындағы зор еңбегіне деген риясыз құрметімізді арнаймыз. Боянды еңбектің, биік адамгершіліктің арқасында ырысқа кенелген осынау қуанышты сөздері ешқашан сарқылмасын. Әділеттікке толы өрелі істері мен қажымас қайрат танытып, ел деп соққан жүрегінің, кеңдігі мен кемеңгерлігі арқасында ардагерлердің ықыласына бөленуде. Қадірлі Өмірзақ Озғанбайұлының 80-жылдық мерейлі тойы құтты болсын, мықты денсаулық, берекелі ғұмыр, ұл-қыздарының, немерелерінің дәулетті шаштығына бөленіп, отбасына амандық, алтын ғасыр тілейміз.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Нұр-Сұлтан қаласы филиалының Ардагерлер кеңесі

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №66 (4190) санында) Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Main table listing citizens and their categories. Columns include: Ке-зек нө-мірі, Тері, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. It contains multiple rows of names and IDs.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, Description. Rows 4371-4458.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, Description. Rows 4459-4545.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, Description. Rows 4546-4628.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include entries like 4629 СЕДЫШЕВ, 4630 КАРИПОВ, 4631 АКБАЕВА, etc.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include entries like 4712 ПОРЕЧНЕВА, 4713 АЛИМЖАНОВ, 4714 ЦОЙ, etc.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include entries like 4801 СВИДЕРСКАЯ, 4802 ТЛЕМИСОВА, 4803 КАЗАНКОВА, etc.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Patronymic, Date of Birth, and Status. Rows 4889-4972.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Patronymic, Date of Birth, and Status. Rows 4973-5056.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Patronymic, Date of Birth, and Status. Rows 5057-5113.

(Жалғасы бар)

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!!!

«Астана - ТеплоТранзит» АҚ жылу магистральдарын тығыздылыққа гидравликалық сынауларды дайындау және өткізуге байланысты 2021 жылғы 14-18 маусым аралығында Алматы ауданында ыстық судың берілуі тоқтатылатынын хабарлайды.

Анықтама алу үшін «iКомек 109» БКО - 771200, «Астана - ТеплоТранзит» АҚ - 771211, 771292 телефондарына хабарласыңыз. Ақпарат «Астана-ТеплоТранзит» АҚ-тың www.a-tranzit.kz сайтындағы «Тұтынушылардың назарына» деген айдарда орналастырылған.

ҚҰРМЕТТІ ҒАЛИЯ ҚҰСАЙЫҢҚЫЗЫ! Асыл жарыңыз, балаларыңыздың әкесі, немерелеріңіздің атасы Беделхан Балтабайұлының қайтыс болуына байланысты ауыр қайғыңызға ортақтасып, көңіл айтамыз.

Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы «Дустик» республикалық өзбек этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары Шарипов Хасан Халматовичқа немересі, Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы Кәсіпкерлер кеңесінің төрайымы Ахметова Фарғиз Хасановнаға ұлы Мақсұдтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

